

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Торғайдың әлемдік жұмбағы



Торғайдың даласы – тылсым. Ұшқан құстың қанаты талатын сары дала халқымыздың арғы-бергі тарихына тұнып тұрғанын көкірек көзі танығанмен, ол ақиқатты анықтайтын ғылымның нысаны бола қоймаған. Әсіресе, Торғайда ежелгі тарихтың еншісі барлығын көктемде қар еріп, су тасығаннан кейінгі Торғай, Жыланшық өзендері табанынан осы күнге дейін табылып жүрген зіл мен оның «замандастарының» алып сүйектері «айтып қояды».

Аталарымыз «Сәуле» атаған жерде свастика жатыр...

Өңірдегі тарихи-өлкетану музейлерінен де ежелгі заман елестерін жиі көруге болады. Мұның көпшілігі арнайы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының олжасы емес, жергілікті тұрғындар, әуесқойлар тауып әкелген жәдігерлер. Бірақ Тобыл бойындағы археологтар жүргізген қазба жұмыстарынан табылған қола дәуірінің құмыралары туралы сөз басқа. Облыстағы тарихшы ғалымдар Торғай өңірі ежелгі дәуірінің зерттелмегеніне нақты себептерді алға тартады.

– Торғай өңірі археологиялық жағынан бұрын зерттелмеген, оған соңғы жылдары көңіл бөлінуде. Өткен ғасырдың ортасында Әлкей Марғұлан Торғай даласын аралап шыққанымен, ол жерде әйгілі ғалым тарапынан үлкен қазба жұмыстары жүргізілген жоқ. Ол Кеңес Одағы кезінде біздің ғалымдардың назар салмағандығынан емес, өте үлкен аумақта, Торғай даласына дейін зерттеу жұмыстарының кешеуілдегені Байқоңыр космодромының салынуына байланысты болды. Космодром мүддесі қазақ даласының тарихынан, тарих ғылымынан, барлығынан биік тұрды. Сондықтан Әлкей Марғұлан секілді ірі ғалымдарға тұсау болғанның бірі осы болса керек. Қазақ халқының тарихын көзге қалқаласаң ар жағынан күн көрінетін жұқа оқулыққа сыйдырған Кеңес Одағы кезіндегі саясат салқынының ықпалы да бар, – дейді тарих ғылымдарының докторы, профессор Еркін Әбіл.

Бірақ Торғай даласындағы ежелгі заманның ізі өткен ғасырдың басында-ақ білінген екен. XIX ғасырдың аяғында келіп, барлық саналы ғұмырын Ресейде өткізген, археолог, шығыстанушы тарихшы, француз Жозев-Антуан Кастаньенің «Қырғыз даласы және Орынбор өлкесінің ежелгі дәуірі» («Древности Киргизской степи и Оренбургского края») атты еңбегінде Торғай даласындағы бүгін «геоглифтер» деп аталған жұмбақ ескерткіштер туралы дерек қылаң беріп қалады. Орыстар Иосиф Антонович деп атаған Кастанье 1909 жылы Орынбор ғылыми архивтік комиссиясының қамқорлығындағы музейдің сақтаушысы болып істеген. Нақ сол жылы Орынбор ғылыми архивтік комиссиясының жалпы жиналысында жасаған Б.А.Скаловтың баяндамасы туралы жоғарыда айтылған еңбегінде келтіреді. Скалов баяндамасында: «...курганов, расположенных в ряд, образующих геометрические фигуры вроде треугольников, четырехугольников...расположены одинаковым от друг друга расстоянии» деп жазады. (И.А.Кастанье, 1910, с. 64). Бір ғасырдан астам уақыт бұрын қазақ даласына келген экспедиция мүшелері үйінділерден тұратын геометриялық фигураларды осылай байқаған. Әрине, ол кезде зерттеушілерде өркениеттің бүгінгідей космостан түсіретін, квадрокоптермен, дронмен қарайтын мүмкіндіктері жоқ, ғасырлар шөктірген үйінділерді қорғандар деп атады. Сонымен қатар 1771 жылы Торғай даласына келген орыс офицері Николай Рычковтың экспедициясы да бүгінгі әлем жұмбағына айналған нысандарды байқаған сыңайлы. Капитан Рычковтың «Жазбаларында» сипатталған ежелгі қаланың орнын Торғай қолатындағы космостан түсірілген «Шилі шаршысы» геоглифіне ұқсататынын жазды костанайлық әуесқой археолог, өлкетанушы Дмитрий Дей.

2007 жылы «Гуглдың» спутниктік түсірілімдерінен ежелгі құрылыстарға, адамдардың шаруашылық әрекеті қалдықтарына да ұқсамайтын ерекше тоғыз нысанды көзі шалған да нақ осы Дмитрий Дей болатын. Олар шаршы, үш сәулелі свастика, доға болып келетін бірнеше түрлі анық геометриялық сызықтардан тұрады. Ежелгі нысанның адамзат назарына ілігіп, әлемдік сенсацияға айналғанына, міне, 12 жыл болды. Қазір тарихшы ғалымдар, археологтар, жалпы жұртшылық «бұл сызықтар не болуы мүмкін?» деген ойдың түбіне жете алар емес. Әлемнің мұндай жұмбағы жалқы да емес көрінеді. Перудегі Наска шөлінде жатқан құс, өрмекші, маймыл, гүл секілді жануарлар мен өсімдіктерді бейнелейтін отыз шақты сурет пен толып жатқан геометриялық сызықтардан тұратын геоглифтерді ғалымдар жер бетінде қайталанбаған, баламасы жоқ құбылыс деп келді. Бүгінге дейін Наска геоглифтерінің де сыры ашылған жоқ. Торғай ойпатындағы «Үштоғай шаршысы» мен «Торғай свастикасын» алдына салған түрлі сызықты, фигураларды

елестететін геоглифтерді де қазір әлем естіп үлгерді. Әрқайсысы едәуір аймақты алып жатқан геоглифтердің сұлбасын оның жанында тұрып байқау мүмкін емес, оған құс қанатының биіктігі керек.

– Мысалы, «Үш тоғай шаршысының» әр қапталы 284 метр, етегі Хеопс пирамидасының аумағынан төрттің біріндей үлкен. Шаршы 101 үйіндіден тұрады. 101-ші үйінді шаршының дәл ортасында, оның әр бүйірінен ортасына дейін 15 үйіндіден, жартылай қиыс 10 үйіндіден орналасқан. Геоглиф барлығы 80656 шаршы метр жерді алып жатыр. Шаршының әр бұрышын 90 градус етіп дәл келтіру, үйінділердің арасын бірдей қашықтықта ұстау, топырақты бірдей көлемде үю үшін қанша адамның күші, қандай мамандардың білігі керек болды екен? Оның үстіне ежелгі заманда бүгінгідей техника мен технологиялардың болмағандығын ескерсек, тылсым дүниенің жұмбағы да күшейе түскендей болады, – дейді Дмитрий Дей.

Ал «Торғай свастикасының» көлемі соншалықты алып емес. Амангелді ауданындағы Үрпек ауылдық округіне қарайтын Ағаштыкөл ауылының шетінде жатқан геоглифтің пішіні бір нүктеден шыққан үш тармақты сәулелерден тұрады. Сәулелердің ұзындығы 33 метрден, етек жағының ені –13-15 метр, сәуле жағына қарай 10-12 метр болып жіңішкереді. Үш жаққа қарайтын ирек секілді пішіндердің жалпы ұзындығы 40-50 метрге дейін жетеді, ені – 5-6 метр, иілген бөліктерінің ұзындығы 15-20 метрдей, тереңдігі 3 метр болады. Бұл нысанды да аспанда ұшқан құс болмаса, жердегілер елең қылмаған. Әйтпесе жұмбақ сызық Ағаштыкөл ауылының тұрғындары күнде ертелі-кеш малын өріске айдап өтетін іргеде жатыр. Мыңдаған жылды былай қоғанда, ауыл қонған өткен ғасырдан бергі уақытта мал тұяғының астында қалай өшіп кетпеген? Мұндай белгіні Крит аралы халықтарынан, гректерден, Байкал өңіріндегі буряттардан, Гималай халықтарынан кездестіруге болады екен. Тіпті бұл белгі жапон мәдениетінде үш қауіптен – өрттен, судан, ұрлықтан сақтайтын тұмар ретінде танымал. Бір қызығы, бұрын осы маңда көшіп-қонған қазақтар нысана жатқан жерді Сәуле деп атапты. Мамандар «Торғай свастикасын» «сәуле» деп сипаттайды. Осы төңіректі жайлаған қазақтар неге оны «Сәуле» атандырған? Кездейсоқтық па, әлде «свастиканы» көрген аталарымыз осылай атады ма екен? Ағаштыкөл ауылында жатқан нысанның аумағы тым үлкен болмағандықтан, оның тұрпатын көзбен жинақтап көруге әбден болатынын оны көруге барған жандар байқайды.

Геоглиф піл бола ма?

Тылсым жұмбағын ішіне жасырған Торғай геоглифтері түрлі ойға, болжамдарға жетелейді, қиялды қияға тартады. Дмитрий Дей геоглифтерді өзі байқаған 2007 жылдан бері оның ақиқатына жеткенді армандайды. Әлемдік жұмбақ оны сиқырлап, талмай ізденуге жетелеп отырады.

– Торғай геоглифтері қазақ археологиясының жаңа кезеңі екені сөзсіз. Бағзыдан жеткен жұмбақтың сыры тым тереңде болып отыр. Мен көптеген ақпарат пен деректер жинадым. Негізі бұл археологтардың да, тарихшы ғалымдардың да, өлкетанушылардың да «бас ауруына» айналды. Қиялға ерік беру, болжам көп. Бұл заңды да секілді. Перудің Наса шөліндегі суреттердің де жұмбағы шешілмеген. Торғай геоглифінің дәл өзіндей баламасы жоқ, – дейді Дмитрий Дей.

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті археологиялық зерттеу лабораториясының қызметкерлері, археологтар Андрей Логвин мен Ирина Шевнина қанша болжам айтылғанымен, археологияның қалыптасқан әдістемесімен үйінділерді қазып көріп, қолмен ұстамай, ешқандай пікір айтуды жөн деп санамайды.

– Біз Торғай геоглифтерінің бір үйіндісін қазып көргенбіз. Астынан ешнәрсе табылмады. Мұны біз әу баста ритуалдық қорғандар деп ойлаған едік. Дегенмен, біз үміт үзгіміз келмейді, мүмкіндігі болса, бір геоглифтің барлық төмпешіктерін қазып көру керек, мүмкін біреуінің астынан біздің көзімізді ақиқатқа жеткізетін олжа табылып қалар, – дейді Андрей мен Ирина.

– Ежелгі нысандардың барлығы дерлік Торғай қолатында орналасқан. Батыс жағында Орал таулары, шығысында Көкшетау қырка-үстірттері жатыр. Солтүстігі Сібірге қарай, оңтүстігі Аралға қарай төмендейді. Осыдан шамамен 25-30 жыл бұрын мұз дәуірі кезінде су Сібір мұздық жоталарынан мұхитқа өте алмады, биік таулардан шыға алмады да, оңтүстігіндегі ойпаңға – Аралға кетті. Торғай жыра-сайлары, қолаты осылай пайда болды. Бүгінгі Әуликөл мен Аманқарағайдағы, Сарыкөл мен Ұзынкөл аудандарындағы, жалпы Қостанай өңіріндегі ірі сайлар, жыралар судың ізі. Обаған өзені Сібірге қарай ақты, – дейді Дмитрий Дей. Космостан түсірілген картада геоглифтер негізінен Қостанай-Торғай өңірінде жатыр, бір-екеуі Қарағанды облысының төңірегінде, үш геоглиф Ақтөбе облысына «шығып» кеткен. Дмитрийдің есептеуінше, бүгінге дейін крест, шаршы, бір сызық, шеңбер түріндегі геометриялық қорған бейнелі нысандар саны – 54, үш сәулелі свастика – 2, жабық тұрпатты «керуен сарай» (Шилі және Науырзым шаршылары) – 2, «мұртты» қорғандар – 91, екі жыралы шеңберлі нысан – 110 дана болды.

Әуескөй археолог, өлкетанушы Дмитрий бүгінде бар жұмысын жинап қойып, Торғай геоглифін зерттеуге ден қойған жайы бар. Арасында шақырған ұжымдарға, жастар ортасына барып, геоглифтер туралы әңгімелеп береді. Дмитрий геоглиф жұмбағын күрделілігіне қарай пілге теңейді.

– Бір тәмсіл бар. Ертеде адамдар пілді көріпті де, оның не екенін білмепті. Жанына келіп, біреуі оның құлағын ұстап тұрып, «Бұл – желпуіш!» депті. Екіншісі: «Жоқ, бұл – желпуіш емес, ағаш!» депті пілдің аяғын көріп, Үшіншісі: «Қойыңдар, бұл – желпуіш те, ағаш та емес, қабырға» депті. Тағы біреуі тұмсығын ұстап, бұл – жылан ғой?» десе, тағы бірі: «бұл – жіп!» деген екен пілдің құйрығын ұстап. Олар пілдің ірілігінен оны санаға сыйдырып, жинақтап көре алмаған. Егер пілдің орнында ит немесе мысық болса, әлгі адамдар: «Иттің құлағы, тұмсығы, құйрығы бар» деп таныр еді. Мен әу баста геоглифтерді пілге теңеген едім, бүгінгі ғылым оны тұтас көре алмай отыр, – дейді Дмитрий.

Сонымен, геоглифтерді кім салды, не үшін салды? Торғай жұмбағын кешенді зерттеп жүрген өлкетанушы Дмитрий Дей оны адамзаттың бағзы көшімен байланыстырады. Оның айтуынша, осыдан 10-11 мың жыл бұрын Торғай өңіріне адамдар келген. Дмитрий археолог ғалым Виктор Николаевич Логвин ашқан неолит – тас ғасырының соңғы кезеңіне жататын Мақанжар мәдениетіне де ден қояды. Ол кезде адамдар аң аулады, киіктің қозғалысын білу үшін үйінділер күн сағат қызметін атқарды деген де болжамы бар. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Еркін Әбілдің пікірінше, Торғай геоглифтері аңшылықтан кейін, адамзат қоғамы дамыған кезінде пайда болған.

– Ашылғанына он шақты жылдан енді асқан бұл нысандардың не екені бізге де, ғылымға да әлі беймәлім. Айтылып жүргеннің бәрі де болжам. Тек тарих ғылымында бір нәрсе белгілі. Ірі нысан болып саналатын мұндай ежелгі құрылыстарды адамзат дамуында шағын тайпа немесе адамдар тобы сала алмайды. Құрылыс салу үшін көп адамның күшін біріктіретін протомемлекет болуы керек. Дін дамыған, әлеуметтік жіктелген қоғамда ғана қандай құрылысқа да қажеттілік болуы шарт. Торғай геоглифтері біздің заманымызға дейінгі 3-ші, 2-ші мыңжылдықтарға тән энеолит немесе қола дәуірінде пайда болуы мүмкін. Қазақ жерінде оған дейін ірі нысан салатындай дамыған қоғам болған жоқ. Ұлы далада жылқының қолға үйретілуі де біздің заманымызға дейінгі 3-ші мыңжылдыққа жатады, оған дейін адамдар аң аулап күн көрді, – дейді Еркін Аманжолұлы. 2013 жылы Оксфорд университетінен Мотузайте Гиедре деген ғалым келіп, геоглиф үйінділерінен сынама алып кетеді. Көп ұзамай ол жасаған сараптамасының қорытындысын жібереді. Онда ағылшын ғалымдары Торғай геоглифтерін «біздің дәуірімізге дейінгі I ғасыр мен біздің ғасырымыздағы I ғасыр аралығында пайда болған» деген тұжырымға келіпті. Ал Ресей ғылым академиясының Орал бөлімшесіне қарасты Тарих және археология институтының қызметкері, «Гунны и тюрки» атты монографияның авторы Сергей Боталов Торғай геоглифтерінің үйіндісін көргеннен-ақ оның ғұндардан қалған із екенін айтқан. Әрине, ортақ пікір, бір түйін әлі жоқ. Бір қызығы, геоглифтер қай дәуірге жатса да, үйінділер

маңайынан ежелгі бабалардың ізі боларлық обалар, ежелгі адамдар сүйегі табылған жоқ. Бұл да геоглиф жұмбағын қалыңдата түседі.

Торғай геоглифтерінің зерттелуі елімізде нақты қолға алынды деп айта алмаймыз. Әлі де пілдің құлағын бір, құйрығын бір ұстағандай, айтылған әңгіменің барлығы да болжам, танымдық деңгейден асқан жоқ. Өңірдегі аудандар мен қалалар төңірегіндегі археологиялық және тарихи ескерткіштердің картасын жасау үшін облыс бюджетінен жыл сайын қаржы бөлінеді. Қазір 6-7 ауданда осындай карта жасалып қойды. Бірақ геоглифті зерттеуге бағытталған қаржы бөлінген жоқ. Әрине, оған қомақты қаржы керектігі де белгілі. Осыдан бірер жыл бұрын Арқалық қаласындағы «Жасұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы облыстық Ішкі саясат басқармасы арқылы «Ауылым – алтын бесігім» жобасы аясында облыстың оңтүстік өңіріндегі геоглифтер мен тарихи-археологиялық нысандар топтастырылған ақпараттық атлас альбомын шығарған болатын. Қостанай облысы Мәдениет басқармасының қолдауымен облыстық тарихи-өлкетану музейі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ-нің археологиялық лабораториясы мамандарымен бірлесіп, Торғай геоглифтері туралы «Торғайдың ғұрыптық-қасиетті геометриялық кешендері» атты кітапты жарыққа шығарды. Аталған басылымда Торғайдың жер үстіндегі ең жұмбақ және ғажайып құрылыстары туралы соңғы жылдардағы зерттеу материалдары жарияланған. Аталған шығарылымда 69 нысан зерттеліп, олар туралы болжамдар, суреттер ұсынылған. Осыдан кейін Дмитрий Дейдің ізденістерінен басқа көзге шалынатын ірі жобалар жоқ. Бір адамның қимылы құмдағы тасбақаның жүрісіндей, өнімі аз болатынын Дейдің өзі де біледі. Оны шаршатпайтын геоглифтер жұмбағына деген ынтызарлық пен сенімі ғана болып тұр. «Торғай геоглифтері» халықтық жобасымен қолынан келгенінше қарекет етіп жүр.

Туристер нысанасына қашан айналады?

Әлемнің еш жерінде кездеспейтін белгілер, Торғайдың ғаламдық жұмбағы Ұлы дала бренді боларлық екені айтылып жүр. Оның еліміз үшін тарихи, ғылыми маңызы қаншалықты қымбат болса, туризмдік тиімділігі де одан кем емес. Қазір дүниенің төрт бұрышындағы туристерді өркениет жетістіктері, сұлу қала, әдемі үйлер, сән-салтанат емес, табиғат тамашалары, сакральды тарихи орындар қызықтыратыны тағы белгілі. Торғай геоглифтеріне испандықтар, жапондықтар қызығушылық білдірді, журналистер, бірер турист келіп те кетті.

– Торғай геоглифтерін бренд ретінде жарнамалау кемшін, әлі қолға алынған жоқ десем, артық емес. Болашақта Торғай даласының туристік қуаты өте күшті болады. Дала тұнған тарих. Тек Торғай геоглифтері ғана емес, Ашутасты, Құмкешу сияқты табиғаты сұлу, тарихы қызық орындар аз ба? Дала көктемде, жазда, күзде әртүрлі түрге енеді, сонша түрлі сұлулық. Жарнаманы жақсартсақ, Торғай геоглифтерінің өзіне мыңдаған турист ағылар еді, – дейді Дмитрий.

Солайы солай ғой. Бірақ дәл бүгінгі уақытта Торғай геоглифтерін жұрт интернеттен, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарынан қызықтап қоя салатын болып жүр. Өйткені облыс орталығынан тым алыс. Егер инфрақұрылым қатып тұрса, алыс жолдың өзі турист үшін қызықты болып кетер еді-ау. Облыста «Best.kz» экскурсиялық бюросы жергілікті туризмді дамытуға талпынып отыр.

– Торғай геоглифтерін сұрайтын туристер бүгінде жоқтың қасы, тым сирек. Барлық мәселе тек инфрақұрылымға, жолдың нашарлығына келіп тіреледі. Туристерге «Үш тоғай шаршысы» мен «Торғай свастикасын» көрсету үшін ғана бір күн кетеді. Олар орналасқан Амангелді ауданына жеткенше автобус 5 сағаттай жүреді. Екіншіден, жолдың нашарлығы өз алдына, жол бойында демалып, аяқ жазып алатын орындар, дәретханалар жоқ. Мұның барлығы ұсақ-түйек емес, ал туристер үшін ең керегі қолайлылық, жайлылық. Бұл жергілікті тиісті орындармен үзілмей келе жатқан әңгіме, бірақ орындалған емес, – дейді «Best.kz» экскурсиялық бюросының жетекшісі Валерий Гумиров.

Валерий Гумировтың айтып отырғаны геоглифтерге жеткенге дейінгі қиындықтар ғана. Ежелгі нысан жатқан жерлерге демалатын, тамақтанатын орындар, геоглифті квадрокоптермен көретін алаңдар, тіпті геоглифті экраннан емес, өз көзімен көргісі келетін туристер тілегін орындау үшін мұнара жасап қойса Торғай даласының кереметін көруге кімнің аңсары аумады дейсіз? Қазір жаздың жалпағы, даланың шөбі жайқалып тұр. Геоглифтерді қызықтауға, үйінділерін көруге ол да кедергі. Облыстық Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық басқармасындағыларға хабарласқанымызда, жұмыстың Амангелді ауданындағы «Үш тоғай шаршысы» мен «Торғай свастикасына» баратын жолдар бойына сілтемелер жазып орнатумен шектелгендігін ғана білдік.

Турист ат шалдырып Торғай өңіріне барған соң, тек геоглифті ғана емес, басқа да тарихи, археологиялық ескерткіштерді аралауы тиіс.

– Торғайдағы музейлер кешенін, Амангелді ауданындағы музейлер мен тарихи-сакральды орындарды, Ашутасты, Құмкешу секілді табиғат тамашаларын, Кейкі батырдың кесенесін қалай көрмей кетеді? Туристер әр тиынын, оның өзіне тиімділігін санайды. Бір геоглифке бола ешкім де Торғайға сабылмайды. Сондықтан бұл өңірдің ескерткіштерін туризм нысанына айналдыру үшін кешенді жұмыстар керек, – дейді Валерий.

Айтпақшы, Торғай геоглифтерін қорғау мәселесі де бір сала әңгіменің желісі боларлық. Мысалы, Ағаштыкөл ауылындағы аяқ астында жатқан «Торғай свастикасын» мал баспайтындай етіп қоршап қойса, артық емес еді. Ежелгі нысандардың алды өркениет «құрбанына» айналып та үлгерді. «Когай кресті» геоглифінің 70 пайызы осыдан бірнеше жыл бұрын жол жөндеу кезінде айдалып кетті. Жергілікті археологтардың шулаған даусы ешбір құлаққа жеткен жоқ.

Негізі Қостанай облысында туристердің көңілінен шығатын тарихи ескерткіштер, сакральды орындар, табиғат туризмі де баршылық. Бірақ жердің шалғайлығы, қыстың ұзақтығына байланысты туристік маусым тез бітіп қалады. Ал инфрақұрылымды дұрыстаса, Торғай өңіріне, әсіресе, геоглифке көңілі ауған туристерді қара күзге дейін апаруға болатынын айтады туризм мамандары. Қазір жергілікті туризм Қостанай мен Рудный, Лисаков қалаларындағы музейлермен, облыс орталығына жақын жерлердегі сакральды орындармен шектеліп тұр. Әлем жұмбағы жатқан Торғай өңірінің инфрақұрылымын заманауи деңгейге жеткізсе, геоглиф еліміз туризмінің піліне айналар еді. Оның жұмбақ күйінің өзі туристерге Торғайға жеткенше сабыр бермесі аян.

Нәзира ЖРІМБЕТ